

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТЕ ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУДІ ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМКЕНҚАДАҒАЛАУКОМЫ) ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 8 сәуір N 355. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996.03.28. N 360 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Атқарушы өкіметтің орталық органдарының жүйесін ретке келтіру туралы", "Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы" 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1219, N 1220 жарлықтарын орындау үшін және Қазақстан Республикасының Жер қойнауы мен минералдық шикізатты қайта өңдеу туралы кодексіне әрі Қазақстан Республикасының "Еңбекті қорғау туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының органдары ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан қадағалап отыратын өнеркәсіп, өндіріс салаларының, объектілердің және жұмыстардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Еңбек пен техника қауіпсіздігін қорғау саласында келісілген мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомына министрліктер, ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер, олардың бірлестіктері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын басқа да заңды және жеке тұлғалар орындауға міндетті шешімдер шығару, сондай-ақ еңбекті қорғау заңдарына қайшы келетін ведомстволық актілердің күшін тоқтату құқы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы жобалау және жобалау-конструкторлық құжаттамалардың техникалық қауіпсіздігі мәселелері жөнінде тәуелсіз сараптау жүргізуді, сондай-ақ өндірісте істейтін адамдар, халық және айналадағы орта үшін аса қауіпті деп саналатын біртектес өнімді сертификаттау мен лицензиялауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді

қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратын және оның жергілікті органдарын (округтері мен инспекцияларын) ұстауды қаржыландыру шығыны республикалық бюджеттің есебінен, сондай-ақ ішінара шаруашылық қызмет есебінен жүзеге асырылатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Комитет төрағасы басқарады.

Комитет Төрағасының орынбасарларын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының Төрағасы материалдық-тұрмыстық, көліктік және медициналық қызмет көрсету жағдайы жөнінен Қазақстан Республикасының Министріне, Төрағаның орынбасарлары - Қазақстан Республикасы Министрінің орынбасарларына, орталық аппараттың қызметкерлері - Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлеріне теңестірілсін.

Округ бастықтарына және олардың орынбасарларына санаториялық-курорттық қызмет көрсету тиісті облыстық басқару органдарының басшылары үшін айқындалған жағдайларды қолдана отырып жүзеге асырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомына Төрағаның үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші және құрамында 9 адамы бар алқаның болуына, бекітілген сан шегінде Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының орталық аппаратында жұмыс істеу үшін мамандар шақыруға рұқсат етілсін.

7. Былай деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқарып жүрген кезде заңмен қорғалады. Мемкенқадағалаукомының қызметкері қызметін жүзеге асыруға байланысты орташа жарақат алған жағдайда оған кейіннен бұл соманы кінәлі адамдардан өндіріп ала отырып, республикалық бюджеттің қаражатынан бес айлық лауазымдық жалақысы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді;

Мемкенқадағалаукомының қызметкері қызметін жүзеге асыруға байланысты кәсіптік қызметімен одан әрі шұғылдану мүмкіндігінен айыратын ауыр дене жарақатын алған жағдайда оған кейіннен бұл соманы кінәлі адамдардан өндіріп ала отырып, республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бес жылға шаққандағы ақша мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы, сондай-ақ оның қызметтегі жалақысы мен зейнетақысының (өмірлік) мөлшері арасындағы айырма төленеді.

Мемкенқадағалаукомының қызметкері қызмет бабымен жүргенде мерт болған немесе Мемкенқадағалаукомында жұмыс істеп жүрген кезінде алған жарақаттың, аурудың салдарынан жұмыстан босағаннан кейін қайтыс болған жағдайда, мерт болған (қайтыс болған) адамның отбасына я болмаса оның

қарауындағыларға (мұрагерлерге) кейіннен бұл соманы кінәлі адамдардан өндіріп ала отырып республикалық бюджет қаражатынан мерт болған (қайтыс болған) адамның соңғы істеген қызметі бойынша он жылға шаққандағы ақша мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төленеді;

Мемкенқадағалаукомы органының қызметкері қызметтік міндетін атқару барысында мерт болған жағдайда оның отбасына немесе қарауындағы адамдарына асыраушысынан айрылуына байланысты ай сайын алатын еңбекақысының мөлшерінде өмірлік зейнетақы тағайындалады.

Ескерту. 7-тармақтың екінші абзацынан сөздер алынып тасталған-
ҚРМК-нің 1995.12.21. N 1826 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы жергілікті органдарының қызметкерлері үшін сыныптық шен енгізіледі және бірыңғай киім нысанын берудің қолданылып жүрген тәртібі сақталады.

Мемкенқадағалаукомының жергілікті органдары қызметкерлерінің сыныптық шені туралы ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап бюджетті қарағанда Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомына құрал-жабдықтар, авария болған жерге, жарақат орын алған жағдайлар мен шалғайдағы объектілерге жедел баруды қамтамасыз ету мақсатында аймақтық органдар үшін құрал-жабдықтар, 10 арнаулы жеңіл автомашина алуға, сондай-ақ қызмет үй-жайларын күрделі жөндеуге, тұрғын үй құрылысына қаражат бөлуді көздейтін
б о л с ы н .

Мемкенқадағалаукомы органдарының тұрақты іссапарымен байланысты жұмыс ерекшелігін ескере отырып, Мемкенқадағалаукомына Комитетте есеп айырысу жөніндегі іссапар шығынының сомасын бөлу қарастырылсын.

10. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомымен келісілген нысан бойынша, бір ай мерзімде республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының өнеркәсіп салаларында алынған жарақат жөнінде тоқсан сайын есеп жүргізуді енгізсін және оны Мемкенқадағалаукомына
т а б ы с е т і п о т ы р с ы н .

11. "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы, Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдарының басқармалары аварияны, қайғылы жағдайлар мен басқа да оқиғаларды зерттеу үшін бара жатқан Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының қызметкерлеріне қызметтік және іссапарлық куәліктерін көрсетуі бойынша бірінші кезекте жол жүру билеттері бөлінуін қарастыратын болсын.

12. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР-інің Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы" 1982 жылғы 7 шілдедегі N 289 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., N 16, 66-бап) күші жойылды деп есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 8 сәуірдегі
N 355 қаулысымен
Бекітілген
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты
қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау
жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы

Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті (Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы) мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады, Қазақстан Республикасының министрлер кабинеті оған тікелей басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін, Еңбекті қорғау және Кәсіпорындар туралы заңдарды, Жер қойнауы және минералдық шикізатты қайта өңдеу туралы кодексті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің басқа заңдары мен актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомының құзырына енетін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заң актілерінің жобаларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен шешімдерін әзірлейді және оларды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді.

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы республика аумағында өзіне жүктелген мемлекеттік қадағалауды тікелей және өздері құрған округтер, инспекциялар мен басқа да органдар арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы және оған ведомстволық бағыныстағы органдары Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының біртұтас жүйесін құрайды.

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы Қазақстан

Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес техникалық қауіпсіздікті мемлекеттік реттеу мен қадағалауды жүзеге асыруды ұйымдастыру, сондай-ақ Комитеттің және оның жергілікті органдарының лауазымды адамдарының негізсіз талаптары мен әрекеттері үшін жауап береді.

Мемлекеттік қадағалаудың жүзеге асырылуы министрліктерді, ведомстволарды, өндіріс орындарын, ұйымдарды және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерді, өндірісті, технологияны, машиналарды, механизмдерді және басқа бұйымдарды жобалау, құру, қолдану, өндірісте пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жауапкершілігінен босатпайды. Аталған шаруашылық жүргізуші субъектілер техникалық қауіпсіздік жөніндегі талаптар мен нормаларға жауап бермейтін кәсіпорындарды, өнеркәсіп пен объектілерді жұмысқа жібермеуге міндетті.

2. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомының негізгі міндеттері:

техника қауіпсіздігі саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізу, министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен шаруашылық қызметті және басқа субъектілермен бірлесіп, ағымдағы және болашақтағы мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды, кәсіпорындар мен ұйымдардағы авариялардың және жарақаттардың алдын алуды, республикада аталған проблемалар жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізуді үйлестіруді әзірлеу әрі жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының барлық министрліктері мен ведомстволарының, меншік нысандарына қарамастан республика аумағындағы еркін экономикалық аймақтарды қоса, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, басқа шаруашылық қызмет субъектілерінің жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарды сақтауына тәуелсіз мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру және ж ү з е г е а с ы р у ;

авариялар мен өндірістік жарақат алудың туындауын табу, себебін және жағдайын талдау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды жетілдіру;

жергілікті басқару органдарымен, министрліктермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және басқа шаруашылық қызмет субъектілерімен бірлесе отырып, авариялар мен өндірісте жарақат алудың алдын алу жөніндегі шаралар әзірлеу;

ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің негізінде қадағаланатын өндірістің, объектінің, бұйымдар мен жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі техникалық талаптарды қалыптастыру және жетілдіру;

қадағалауға алынған кәсіпорындардағы технологиялық процестерде пайдаланылатын (процестер, қызмет көрсетулер) өнімдер мен жабдықтарды сертификаттау, техникалық қауіпсіздік шарттары мен лицензияларды сақтауға бақылау жөніндегі көтеріңкі талаптар қойылатын өндірістер, технологиялар,

объектілер мен бұйымдар құруға рұқсат (лицензия) беру;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының, кәсіпорындарының, ұйымдарының және басқа шаруашылық қызмет субъектілерінің әрі жергілікті өкімет органдарының өз құзырына жататын мәселелер жөніндегі қызметін үйлестіру;

жергілікті органдарының жұмысын әдістемелік жағынан қамтамасыз ету және үйлестіру;

жұмысты қауіпсіз жүргізу саласындағы заңдарды қолданудың практикасын жинақтап, қорыту және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы:

көмір, руда кені және руда емес, металлургия, химия, мұнайхимия, мұнай және газ өндіру, мұнай және газ өңдеу өнеркәсібінде, әскерилендірілген кен құтқару, фонтанға қарсы және газ құтқару бөлімдерінде; магистралды мұнайгаз өнімдерінің құбырларында; астық өнімдерінің жарылу, өрт шығу қаупі бар объектілерінде, жер астында көліктік және гидротехникалық құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде, геологиялық-барлау жұмыстары кезінде, құрылыстағы басым қаупі бір объектілерде және басқа салалардағы жарылыс, өрт әрі жаракат алу қаупі басым объектілер мен өндірістердегі қауіпсіздіктің жай-күйіне;

жарылғыш заттардың дайындалуына, сақталуына әрі пайдалануына; табиғи және сұйытылған (пропан-бутан) газдың, әсері күшті улы заттардың тасымалдауына, сақталуына және пайдалануына;

көтергіш құралдардың, қысыммен жұмыс істейтін бу және су жылытқыш қазандықтардың, бу мен ыстық суға арналған труба құбырларының, қауіптілігі басым және басқа объектілердің орнатылуына, дайындалуына, монтаждалуына және қауіпсіз пайдалануына;

темір жол көлігі құрылымдық бөлімшелері мен қызметінің қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі ережелер мен нұсқауларды сақтауына;

жылы, минералды сулар мен емдік балшық орындарының пайдаланылуына; оларда объектілерді орналастыру үшін кәдеге жаратылған кен орнының және табиғи жер асты тілкемдерінің жай-күйіне әрі пайдалану қауіпсіздігіне;

техникалық жағынан қауіпсіз бөліктегі пайдалы қазбалардың кен орындарын әзірлеген кезде жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының өнеркәсіптің, жұмыс түрлерінің және объектілердің аталған салаларына қатысты қызметі жобалауды, құрылыс жүргізуді, пайдалануды және таратуды, сондай-ақ жабдықтарды, заттарды, материалдарды және оларды қолдану, әзірлеу кезінде техникалық

қауіпсіздіктің шарттары мен нормаларының қамтамасыз етілуін қоса, олардың тіршілік қызметінің барлық кезеңдеріне таратылады.

4. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес;

қадағалауға алынған өндіріс пен объектілердегі техникалық қауіпсіздікті мемлекеттік реттеудің тәртібі мен көлемін белгілейді;

өндірістің, объектілер мен жұмыс түрлерінің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік, ұлттық және аймақтық бағдарламаларды дайындауға қатысады, еңбек қауіпсіздігі саласында маманданған ғылыми-зерттеу институттарының қызметін үйлестіреді;

өзінің құзырына енетін мәселелер бойынша мемлекеттік және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламалардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды;

жұмыстарды жүргізудің, жабдықтарды орнату мен пайдаланудың қауіпсіздігі жөніндегі, сондай-ақ жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарды техникалық қауіпсіздік бөлігінде (ережелер мен нормаларды) белгіленген тәртіппен әзірлеуді әрі бекітуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының, кәсіпорындарының, ұйымдарының, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілерінің жұмыстарды жүргізу, жабдықтарды орнату мен пайдалану жөніндегі талаптарды түзілген мемлекеттік стандарттарының жобаларын және басқа нормативтік құжаттарын қарайды әрі келіседі;

жұмыстарды жүргізудің, жабдықтарды орнату мен пайдаланудың қауіпсіздігі жөніндегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үшін ортақ талаптарды (ережелер мен нормаларды) әзірлеуге қатысады әрі олардың заң шеңберіндегі және өзінің құзырындағы күшін Қазақстан Республикасының аумағына таратады, аталған ережелер мен нормалардың күшіне ену тәртібін айқындайды, қажет жағдайда қосымша талаптар белгілейді;

оларды мемлекеттік және ТМД үшін ортақ стандарттарға көшірген кезде жұмыстардың жүргізілуі мен жабдықтардың орнатылу қауіпсіздігіне ықпал ететін талаптар түзілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үшін ортақ стандарттардың, сондай-ақ Халықаралық стандарттардың жобаларын әзірлеуге әрі келісуге қатысады; жұмыстарды жүргізудің, жабдықтарды орнату мен пайдаланудың қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нормалар қарастырылған талаптардың тұтастығын қамтамасыз етеді, аталған нормативтік құжаттардың әзірленуі мен жетілдірілуін бақылайды;

қадағаланатын өндірісті, объектілерді, тетіктерді және жұмыс түрлерін тіркеу мен есепке алудың, басым қауіптілігіне байланысты қызметтің жекелеген түрлеріне рұқсат (лицензия) берудің тәртібін белгілейді;

лицензиялануға және міндетті түрде сертификаттауға жататын қызмет

түрлерінің, өнімдер мен жабдықтардың (процестер мен қызмет көрсетулер) тізбесін белгіленген тәртіппен әзірлейді әрі бекітеді;

газ қадағалау объектілерін, бу және су жылытқыш қазандарды, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, бу мен ыстық су жүретін труба құбырларын және көтергіш құрылғыларды тіркейді, қазандықтарды қадағалау, көтергіш құрылғылар объектілерінің кәсіпорындармен және ұйымдармен уақтылы к у ә л а н д ы р ы л у ы н б а қ ы л а й д ы ;

қадағалауға алынған кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілердің қызметіне әлеуметтік тұрғыдан қауіпті, тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстарды жүргізуіне, сондай-ақ қауіптілігі басым жұмыстарға байланысты қадағалауға алынған салаларда пайдалануы көзделген машиналарды, тетіктерді және басқа бұйымдарды дайындауға рұқсат (лицензия) б е р е д і ;

дайындаушы зауыттарда (құрастырудың техникалық тапсырмасын) келісу кезеңінде және тәжірибелік үлгілерді қабылдаған кезде, жөндеу кәсіпорындарында және пайдаланған кезде қауіпсіздік жөніндегі көтеріңкі талаптар қойылатын машиналардың, тетіктердің және жабдықтардың, сондай-ақ жарылыс қауіпсіздігі сақталып орындалған электр-техникалық бұйымдардың техникалық қауіпсіздіктің стандарттарына, ережелері мен нормаларына сәйкестігін тексереді, олардың сәйкессіздігі жағдайында шығарылуын тоқтатады әрі қ о л д а н у ғ а т ы й ы м с а л а д ы ;

объектілерді пайдалануға қабылдап алу ережесінің сақталуын бақылайды, техникалық қауіпсіздік жөнінде көтеріңкі талаптар қойылатын жарылғыш материалдарға өнеркәсіптік сынақ жүргізу және кен-шахта жабдықтары мен электр-техникалық бұйымдардың жаңа үлгілеріне қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады, қадағалауға алынған кәсіпорындардың технологиялық процестерінде пайдаланылатын өнімдер мен жабдықтарды (процестер, қызмет көрсетулер) сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, осы бұйымдарды сынақтан өткізуге және тұрақты қолдануға рұқсат (лицензия) б е р е д і ;

қадағалауға алынған кәсіпорындар мен объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына өздерінің өкілдерін тағайындайды ;

бақылауындағы өндірістер мен объектілерде авариялардың және өндірістік жарақат алудың жолын кесу, кәсіпорындардың және ұйымдардың мүмкін болар авариялар мен олардың зардаптарын жоюға дайын болуы жөніндегі шаралардың әзірленуін әрі өткізілуін қадағалауды жүзеге асырады;

қадағалауға алынған өндірістер мен объектілер қызметкерлерінің біліктілігіне талапты айқындайды, жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету мәселелері

бойынша олардың білімін тексерудің тәртібін белгілейді;

жарылғыш материалдарды сақтауға байланысты жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін қызметкерлер даярлау жөніндегі курстардың, сондай-ақ кен және жарылыс жұмыстарын жүргізуге жауаптылық құқына ие мамандар даярлау жөніндегі курстардың ұйымдастырылуын келіседі;

өндірістің жарылыс, жарылу-өртену және өртену қауіптілігі жөнінен тиісті санатқа жатқызылуының дұрыстығына әрі өндірісті бір санаттан екіншісіне көшірудің дұрыстығына қадағалау, сондай-ақ қолданылған санаттағы жабдықтың жарылыс қаупі бар қоспа тобына әрі жарылыс, өрт қаупі бар аймаққа сәйкестігіне бақылау белгілейді;

кәсіпорындардың ұсынуы бойынша, газ жөніндегі шахталардың (кеніштердің) тиісті санаттарын белгілейді, оларды тозаңды, жынысты, руданы, көмір мен газды кенеттен лақтыруы, кен екпіні жөнінен қауіптілер қатарына жатқызады әрі шахталардың (кеніштердің) газ жөнінен бір санаттан екіншісіне көшірілуін бекітеді;

кәдеге жаратылған кен орындарын әрі табиғи жер асты тілкемдерін шаруашылық мақсаттарға пайдаланған кезде және минералдық шикізатты ұқсатқанда кен мен геологиялық барлау жұмыстарының қауіпсіз жүргізілуін геологиялық-маркшейдерлік қамтамасыз етуге қадағалауды жүзеге асырады, кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізудің шекарасын белгілеудің, кен жұмыстарының ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйіне зиянды ықпалының алдын алу мен болдырмау жөніндегі, сондай-ақ шахталар мен кеніштерге судың, зиянды әрі қауіпті заттардың лықсып өтуінің алдын алу жөніндегі шараларды өткізудің дұрыстығын тексереді;

пайдалы қазбаларды немесе олардың бір бөлігін, мұнай, газ және гидротермальдық ұңғымалар өндіру жөніндегі кәсіпорындарды таратудың әрі консервациялаудың арнайы жобасын келіседі;

министрліктермен, ведомстволармен, бірлестіктермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілермен бірлесіп, оларда объектілер орналастыру үшін кәдеге жаратылған кен орындары мен табиғи жер асты тілкемдерін іріктеуге қатысады;

жұмыстардың техникалық қауіпсіздігі бөлігінде кен орындарын (Қазақстан Республикасының теңіздегі экономикалық аймағының континенталдық шельфіндегі және ішкі тоғандар шегіндегі гидроминералдық жансыз ресурстарды қоса) барлау мен әзірлеудің дұрыстығын, әскерилендірілген (мамандандырылған) кен құтқару, фонтанға қарсы және газ құтқару бөлімдерінің кәсіпорындардағы аварияны жоюының, алдын алу жұмыстарын жүргізуінің жай-күйін және дайындығын бақылайды;

аталған бөлімдердің жарғыларын, ережелерін және Қазақстан

Республикасының аумағында орналасу схемасын қарайды әрі келіседі;

Қазақстан Республикасының Мемстандартымен бірлесіп қауіптілігі басым өнімдерді (процестер, қызмет көрсетулер) сертификаттау жөніндегі ұйымдар мен сынақ лабораторияларын аккредиттеуді жүргізеді, олардың сертификаттау ережелерін сақтауын бақылайды, техникалық құзыреттілігін белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы алға қойылған тапсырмаларды шешу және жүктелген міндеттерді орындау үшін:

Комитеттің құзырына жататын мәселелер бойынша кәсіпорындарды, ұйымдар мен объектілерді кез келген уақытта тексеруге, сондай-ақ тиісті министрліктермен, кәсіпорындармен және ұйымдармен келісе отырып, аталған тексерулерді жүргізу үшін олардың мамандарын тартуға;

министрліктерге, мемлекеттік басқарудың басқа да органдарына ұсыныстар енгізуге және қадағалауға алынған кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілердің сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының қадағалауында объектілері бар жергілікті атқарушы өкімет органдары басқармалары мен бөлімшелерінің жұмыс қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың бұзылуына алып келетін себептер мен жағдайларды жоюға арналған орындалуы міндетті ұйғарымдар шығаруға, сондай-ақ осындай тәртіп бұзушылықтарға, техникалық қауіпсіздікті бұза отырып жүргізілетін жұмыстарды тоқтатуға әрі тыйым салуға;

егер техникалық қауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілмесе, жұмыстарды жүргізу құқына рұқсатты қайтарып алуға, тіршілікке қауіп төнген немесе авария туындаған жағдайда жұмыс орнын, жабдықтарды мөрлеуге

, адамдарды ол жерден аластатуға;

техникалық қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкессіздік жағдайында қадағалауға алынған кәсіпорындар, ұйымдар, өндірістер, объектілер мен бұйымдар бойынша жобалардың, техникалық және жобалық-конструкторлық құжаттамалардың орындауға берілуіне, сондай-ақ қадағалауға арналған бұйымдар мен өнімдердің тиелуіне тыйым салуға;

жабдықтарды әзірлеуші, дайындаушы және монтаждаушы кәсіпорындар, ұйымдар, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілер орындауға міндетті конструкциядағы кемшіліктерді, сондай-ақ дайындау мен монтаждаудағы пайдаланудың қауіпсіздігін төмендететін кемшіліктерді жою туралы нұсқау беруге ;

техникалық қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормалардың бұзылуына кінәлі кәсіпорындар мен ұйымдарды, адамдарды заңда белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартуға;

министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруашылық қызметтегі басқа да субъектілердің, жергілікті атқарушы өкімет

органдары басқармаларының және бөлімдерінің басшыларына жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарды жүйелі түрде немесе өрескел бұзатын, Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомы органдарының ұйғарымын орындамайтын, Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының нұсқауы бойынша тоқтатылған жабдықтар мен объектілерде жұмысты өз бетінше қайта бастайтын және оларды пайдалануға жол беретін, жарылғыш материалдарды анықтау мен пайдаланудың белгіленген тәртібін бұзатын, қазандықтарды қадағалау, көтергіш құралдар мен газ шаруашылығы объектілерін дайындауға, монтаждауға және пайдалануға байланысты кен, бұрғылау, жарылыс, маркшейдерлік, газ қауіпсіздігі, электр-техникалық жұмыстарға басшылық жасауға құқы жоқ, техникалық қауіпсіздіктің ережелері мен нормаларын білуді белгіленген тәртіпте үйренбеген және тексеруден адамдарды белгіленген тәртіппен қызметінен босату туралы ұсыныс енгізуге, сондай-ақ қызметкерлерден айрықша қауіпті технологиялық процестер мен жұмыстарды жүргізуге рұқсатты (лицензияны) қайтып алуға кінәлі адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін материалдарды прокуратура органдарына беруге;

қадағалауға алынған кәсіпорындар мен объектілерде жарақат алу, авариялар болу және жарылғыш заттардың жоғалуы жағдайларын техникалық тергеуді белгіленген тәртіппен жүргізуге (қатысуға), Комитеттің құзырына жататын мәселелер бойынша тергеу нәтижесі негізінде орындалуы міндетті шешімдер қабылдауға ;

министрліктерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға, шаруашылық қызметтің және басқа субъектілеріне Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының құзырына жататын мәселелер жөнінде ғылыми-зерттеу, жобалау және жобалау-конструкторлық жұмыстар жүргізу туралы ұсыныс енгізуге;

қажет болған жағдайда министрліктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілердің жабдықтар мен материалдарға бақылау сынағын жасауын, жұмыс ортасын бақылау мен талдауды, жобалау және жобалау-конструкторлық шешімнің қауіпсіздік жөніндегі нормалар мен ережелерге сәйкестігі бөлігіне тәуелсіз сараптау тағайындауға ;

жобалау шешімдерінің қадағалауға алынып жұмыс істеп тұрған, құрылысы жүргізіліп жатқан және қайта жаңартылу үстіндегі кәсіпорындардағы, өндірістердегі және объектілердегі, соның ішінде жер қойнауын пайдаланушылар мен орнын бөлуге лицензия алған жағдайда, сондай-ақ жер қойнауын зиянды заттарды, өндіріс қалдықтарын көмуге және сарқынды суларды ағызуға пайдаланған кездегі пайдалы қазбалардың кен орнын игерудің техникалық жобалардың техникалық қауіпсіздік ережелері мен нормаларына сәйкестігіне іріктелген тәуелсіз сараптау ұйымдастыруға және жүргізуге;

келісім бойынша жұмыс орнындағы еңбекақысын сақтай отырып сарапшы ретінде министрліктерден, ведомстволардан, кәсіпорындардан, ұйымдардан, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институттардан, жоғары оқу орындарынан, монтаждау мен құрылыс ұйымдарынан мамандар тартуға;

кен, геология, химия-металлургия цехтарындағы және өндірістегі, атом-энергетика өнеркәсібінің әскерилендірілген кен құтқару бөлімдеріндегі, астық өнімдерінің жарылу, өртену қаупі басым объектілеріндегі техникалық қауіпсіздіктің жай-күйін, құрылымдық бөлімшелердің, темір жол көлігі қызметінің көліктік құрылыс, магистралдық газ, мұнай өнім құбырларының қызметі кәсіпорындармен, ұйымдармен, шаруашылық қызметтің және өзге субъектілерімен шаруашылық шарт негізінде, ал шетел фирмаларымен және бірлескен кәсіпорындармен валюта негізінде жүзеге асырылатын және қаржыландырылатын жарылау, өрт пен жарақат алу қаупі бар және басқа өнеркәсіп салаларының объектілерінде қауіпті жүктердің тасымалдануы жөніндегі ережелер мен нұсқаулардың сақталуын мемлекеттік қадағалауға;

Мемкенқадағалаукомы органдарының қызметіне енбейтін мәселелер жөнінде кәсіпорындарға, ұйымдарға, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілерге а қ ы л ы қ ы з м е т к ө р с е т у г е ;

министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесіп, өндірісті (технологияны), объектілерді жобалау, орналастыру, құрылысын жүргізу, пайдалану және тарату кезеңіндегі техникалық қауіпсіздік мәселелері бойынша т ә у е л с і з с а р а п т а у қ ұ р у ғ а ;

кен жұмыстарын дамытудың кәсіпорындар ұсынған жоспарын келісуге әрі олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындарын немесе учаскелерді (қазылатын жерлер) әзірлеудің техникалық және жергілікті жобаларының, минералдық шикізаттарды өндіру мен ұқсату жөніндегі кәсіпорындардың құрылысын жүргізу мен қайта жаңартуға арналған жобалаулары мен жобаларының техникалық қауіпсіздік бөлігіне қатысты міндеттердің сақталуын бақылауға;

министрліктерден, мемлекеттік басқарудың басқа да органдарынан, кәсіпорындардан, ұйымдардан, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілерден техникалық қауіпсіздіктің, авариялардың, өндірістік жарақаттардың жай-күйі туралы, жұмыс көрсеткіштері мен жабдықтардың істен шығуының себептері туралы, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламаларды, нормативтік-техникалық құжаттамаларды және басқа ақпараттарды, бақылаудағы өндіріске, объектілер мен технологиялық процестерге арналған техникалық құжаттамаларды, ал лауазымды адамдар мен қызметкерлерден - Мемкенқадағалаукомы органдарының құзырына жататын мәселелер бойынша түсініктер әзірлеу туралы

м ә л і м е т т е р

а л у ғ а ;

бақылауға алынған кәсіпорындарда, өндірістерде, объектілерде, ұйымдарда, оқу комбинаттары мен кәсіптік-техникалық училищелерде және басқа оқу орындарында қызметкерді жұмысқа жіберудің, оларға нұсқау беру мен оқытудың белгіленген тәртібінің сақталуын, маманның қолында оған кен, бұрғылау, жарылыс, маркшейдерлік, электр техникалық және газ жұмыстарына басшылық жасау құқын беретін құжаттардың, ал қызметкерлерде - жарылыс, газ қауіптілігі, қауіптілігі басым және басқа жұмыстарды жүргізу құқына арналған құжаттардың болуын тексеруге, жауапкершілігі айрықша жұмыстарға қабылдау үшін белгіленген арнайы талаптардың сақталуын бақылауға;

мамандардың қауіпсіздіктің ережелері мен нормаларын, технологиялық регламенттерді және жұмысшылардың еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауды білу дәрежесіне іріктелген тексеру жүргізуге, кәсіпорындардың, ұйымдардың, объектілердің жаңадан тағайындалған басшыларының және белгіленген мерзімде қалған мамандардың қауіпсіздіктің ережелері мен нормаларына қатысты білімін т е к с е р у г е қ а т ы с у ғ а ;

қадағалауға алынған өндірістің, объектілер мен механизмдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, соның ішінде нормативтік-техникалық құжаттарды келісу мен бекіту, объектілердің жобаларын және қадағалауға алынған бұйымдарды қарау кезіндегі мәселелер жөнінде министрліктердің, ведомстволардың, шаруашылық қызметтегі және басқа субъектілердің арасындағы келіспеушілік жағдайында түпкілікті ш е ш і м қ а б ы л д а у ғ а ;

халықты және жұмыс істеушілерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, соның ішінде қоғамдық ұйымдар мен халық депутаттарының сұрау салуы бойынша, қадағалауға алынған өндірістегі, объектілердегі техникалық қауіпсіздіктің және өндірістік жарақат алудың жай-күйі туралы хабардар етіп о т ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Осы Ереженің 5 тармағында көзделген құқықтар Қазақстан Республикасының Мемкенққадағалаукомы органдарының лауазымдағы